

Баспасөз хабарламасы

Астана қ., 30 желтоқсан 2022 жыл

«ҚазТрансОйл» АҚ 2023 жылы Германияға 1,2 млн тонна Қазақстандық мұнай тасымалдау үшін «Транснефть» ЖАҚ-қа шикізат транзитіне өтінім берді

«ҚазТрансОйл» АҚ 2023 жылы 1.2 млн тонна Қазақстандық мұнайды «Транснефть» ЖАҚ магистральді мұнай құбыры жүйесімен «Адамова застава» мұнай тапсыру бекеті арқылы Германияға жеткізу үшін өтінім берді.

Мұнай тасымалының бұл бағыты Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметі арасында 2002 жылғы 7 маусымда жасалған келісім негізінде жүзеге асады.

Айта кету керек, қазақстандық мұнайды Беларусь Республикасының аумағы арқылы тасымалдау үшін «ҚазТрансОйл» АҚ мен «Гомельтранснефть Дружба» ААҚ арасында мұнайды тасымалдау бойынша қызметтер көрсетуге шарт жасалып іске асырылып жатыр.

**«ҚазТрансОйл» АҚ
жұртшылықпен байланыс
және ішкі коммуникациялар департаменті**